

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директоры бос лауазымына жарияланған конкурсқа құжаттар тапсырған тұлғаларды конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдау бойынша комиссия отырысының ХАТТАМАСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы

26 сәуір 2022 жыл

Конкурстық комиссияның төрағасы:

Гульмира Сейтказиновна Сеитова - Кадр қызметі департаменті Мемлекеттік қызметшілерді бағалау және мониторингі басқармасының басшысы

Комиссия мүшелері:

Дархан Жумабаевич Игембаев - Сот актілерін орындау департаментінің директоры

Сандугаш Абдразаковна Ерсеитова - Заңға тәуелді актілері департаментінің директоры

Ерлан Сарыбекович Космуратов - Әділет министрінің кеңесшісі

Темирболат Жанайдарович Кожамжаров - Сараптама қызметін ұйымдастыру департаменті Сот сараптамалары орталығының қызметін бақылау басқармасының басшысы

Конкурстық комиссия хатшысы:

Зульфира Нурбулатовна Акбулатова - Кадр қызметі департаментінің бас сарапшысы

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бос лауазымына орналасуға үміткерлерді конкурсқа қатысуға жіберу туралы мәселесін қарау.

2022 жылдың 5 сәуірінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директоры бос лауазымына орналасуға конкурс «Комсомольская правда Казахстан» газетінде жарияланды.

Аталған лауазымға Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 70 бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау жүргізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларына сәйкес (әрі қарай – Қағида) және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 12 сәуірдегі № 119н бұйрығымен біліктілік талаптары (бұдан әрі-Біліктілік талаптары) бекітілген.

Комиссия отырысында бекітілген Біліктілік талаптарда «Кәсіби біліктілігі» деген бөлікте кейбір заңнамалардың күші жойылғандығы, «Жұмыс тәжірибесі» деген бөлікте талаптар Қағидаға қайшы келетіні анықталды.

Осы орайда комиссия мүшелері,

Ш Е Ш Т І:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 12 сәуірдегі № 119н бұйрығымен «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директоры лауазымына қойылатын біліктілік талаптары Қағидаға сәйкестірілмегенінше конкурс өткізу мүмкін емес деп шешті;
2. Қазақстан Республикасы Әділет министріне «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директоры лауазымына қойылатын біліктілік талаптарын Қағидаға дереу сәйкестендіру қажет екенін мәлімдеу.

Комиссия төрағасы:


Г. Сеитова

Комиссия мүшелері:



Д. Игембаев


С. Ерсеитова


Е. Космуратов


Т. Кожамжаров

Комиссия хатшысы:


З. Акбулатова